Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**Сюжетті-рөлді ойын: «Балабақшада»** **Мақсаты:** тәртіптік дағдыларын бекіту, сөздіктегі сөздерді қолдану. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** **«Ғажайып бояу»** эксперименттік қызметі **Мақсаты:** жаңа түстерді енгізу	**Дидактикалық ойын: "Бізбен бірге жіптермен кім ойнайды"** **Мақсаты:** балалардың қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы түсініктерін нығайтуды және байытуды жалғастыру. Материал: түрлі түсті карточкалар (балалар саны бойынша, қарындаштар (балалар саны бойынша).	**Сюжетті-рөлді ойын: «Дүкен. Жеміс-жидектер бөлімі»** **Мақсаты:** Жеміс-жидектердің атауларын қайталау, дүкенде не бар екенін, қанша тұратынын , өзінің не сатып алатынын айта алуға үйрету. Қоғамдық орындарда қарым-қатынас жасай білуге үйрету.	**Дид. ойын: «түсіне қарай заттың атын ата»** **Мақсаты:** Балаларға түстерді ажырата білуге дағдыландыру. ***(математика негіздері).*** **Дидактикалық ойын: "Теңіз түбі"** **Мақсаты:** қоршаған әлемнің алуан түрлілігіне назар аударуға деген ұмтылысты дамыту.	**Сюжетті-рөлді ойын: «Дәрігер» (педиатр)** **Мақсаты:** Балалардың дәрігер мамандығы жайлы білімдерін кеңейту, балалар дәрігері (педиатр), жедел жәрдем дәрігері, окулист, тіс дәрігері т.б түрлерімен таныстыру. Топта ойынды ұйымдастыру барысында достық қарым-қатынасты нығайту.

	арқылы түс туралы түсініктерді кеңейту ***(сурет салу)***	Ойын барысы: балаларға әр түрлі түсті екі карточканы алуға және ұқсас түсті жануарларды атауға шақырылады, оны қажетті фонда қадағалап, фигураны алады және бояйды. **(Сурет салу)**	Есте сақтау қабілеттерін дамыту, сауатты жазу, оқуға дағдыландыру, ауызша сөйлеуге жаттықтыру. **(қоршаған ортамен таныстыру)**	Материал: теңіз түбі, теңіз тұрғындары. Ойын барысы: балаларға теңіз алаңы көрсетіледі және теңіз тұрғындары олармен "Жасырынбақ" ойнағысы келетінін айту керек. Оларды табу үшін жұмбақтарды табу керек. Кім шешетін болса, теңіз түбіне теңіз өмірін іліп жапсырады. **(Сурет салу)**	**(қоршаған ортамн таныстыру)** **Дидактикалық ойын: "Пейзажды жина"** **Мақсаты:** ұжымдық шығармалар жасау қабілетін қалыптастыруды жалғастыру. Материал: басып шығарылған маусымдық суреттер жинағы (күз, қыс, көктем, жаз, маусымдық заттар. Ойын барысы: балаларға маусымдық суретті таңдап, оған жылдың осы уақытына сәйкес келетін заттарды таңдау ұсынылады. **(Жапсыру)**
Балалармен жеке жұмыс	Сафияға ермексаздан көкөністер мүсіндеуді үйрету. К.Адияға жапырақтын суретін салуды үйрету. /сурет салу/	Әміреге қарындашты дұрыс ұстап, алманың суретін салғызу. /сурет салу/ Элинаға пазл құрастыруды үйрету.	Алинұрға қарындашты қолдана отырып тамшыларды салғызу. /сурет салу/ М.Адия-ермексаздан жемістерді мүсіндету.	Латифке конструктордан үй құрастыркға, Адияға «балабақша» тақпағын қайталату. Қалған балалар топтарға бөлінеді және кіші топтарда жұмыс істейді.	*Ұлпанға* желіммен жапсыруға үйрету, Элинаға суретке қарап әңгімелеуді үйрету. Қалған балалар топтарға бөлінеді және кіші топтарда жұмыс істейді.
Серуенге дайындық	**Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау «Киімді қалай киюге болады?» әңгіме** Киімдердің тазалығын сақтау қажет. Киінгенде киімнің түймесінің дұрыс қадап, көйлекті шалбардың немесе юбканың ішіне салынғанын қадағалау керек. Шұлықтың, аяқ киімнің оң киілуіне баса назар аудару керек. ***(Сөйлеуді дамыту)***				

Серуен	Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары мен табиғат обьектілерін бақылау ***(қоршаған ортамен таныстыру)*** **Аз қимылды ойын ойын:** **«Тақияға кім тез жетеді?»** **Шарты:** Балалар дөңгеленіп тұрады. Жүргізуші қолына тақиясын алып әуенмен жүреді. Әуен тоқтаған кезде, тоқтаған жердегі екі баланың ортасына тақияны тоса қояды. Екі бала екі жаққа шеңбер бойымен жүреді. Кім тақияға тез қолын жеткізсе сол жетеді. Жеткен бала жеңімпаз атанады. Осылайша ойын жалғасады. *(дене шынықтыру**)*	Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары мен табиғат обьектілерін бақылау ***(қоршаған ортамен таныстыру)*** **Аз қимылды ойын:** **«Жалаушаны тап»** **(қайда тығылғанын тап)** **Шарты:** Балалар бөлменің қабырғасынан жағалай ұзына-бойына немесе алаңның бір жағына отырады. Тәрбиеші балаларға жалаушаны көрсетеді де, оны жасыратынын айтады. Тәрбиеші балаларға орындарынан тұрып, теріс қарауды ұсынады да жалаушаны жасырып: «Ал іздеңдер,»-дейді. Балалар тығылған жалаушаны іздей бастайды. Жалаушаны кім бірінші болып тапса, ол ойын қайталанған кезде жалаушаны жасыру құқығына ие болады. Жалаушаны балалар бірден таба алмайтындай етіп жасыру керек. Бірақ, егер балалар жалаушаны ұзақ уақыт таба алмаса, онда тәрбиеші жалауша тығылған жерге келіп, сол маңнан іздеуді ұсынады.	Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары мен табиғат обьектілерін бақылау ***(қоршаған ортамен таныстыру)*** **Аз қимылды ойын:** **«Допты ұста»** **Ойын мақсаты:** Балаларды шапшаңдылыққа, ептілікке, қырағылыққа баулу, ойын әрекеті арқылы татулыққа, белсенділікке тәрбиелеу. **Ойын шарты:** Тәрбиеші ашық түсті үлкен допты алады да 2-3 балаға ойнауға ұсынады. Балалар тәрбиешіге қарама-қарсы 80-100 см жерде тұрады. Тәрбиеші әрқайсысына кезек-кезек доп лақтырып «Ұста» деген белгі береді. Балалар допты қайтадан тәрбиешіге лақтырады. Осылайша ойын жалғаса береді. *(дене шынықтыру**)*	Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары мен табиғат обьектілерін бақылау ***(қоршаған ортамен таныстыру)*** **Аз қимылды ойын «Ақ қоян»** **Мақсаты:** балаларды жылдамдыққа, мықты болуға тәрбиелеу. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру *(дене шынықтыру**)*	Күз мезгіліндегі жаңбырды бақылау **Мақсаты**: Күз мезгілінде жаңбыр жиі жауатыны туралы айту. Әңгімелесу арқылы балалардың тілін дамыту. ***(қоршаған ортамен таныстыру)*** **Азх қимылды ойын «Қасқырлар мен лақта** **Мақсаты:** Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. *(дене шынықтыру**)*

		Жалаушаны бала жасыратын кезде, оған дұрыс орын табуға көмектесу керек. *(дене шынықтыру**)*			
Серуеннен оралу	**Балалардың киімін ретімен шешу, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, дербес және ойын әрекеті**				
Балалардың үйге қайтуы	**Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.**				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
2023-2024 оқу жылы

Мектепке дейінгі ұйым: "Диана 2019" балабақшасы ЖШС
Топ: **«Ұшар»** ортаңғы тобы
Балалардың жасы: 3 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: 25.09-29.09.2023 жыл

Күн тәртібінің кезеңдері	**Дүйсенбі 25.09.2023**	**Сейсенбі 26.09.2023**	**Сәрсенбі 27.09.2023**	**Бейсенбі 28.09.2023**	**Жұма 29.09.2023**
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу. Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі және көшедегі күн тәртібі туралы әңгімелесу (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналарға кеңес: «Мектепке дейінгі балаларға арналған майтабанның алдын алу жаттығулары»				
	Перспективалық жоспарда қойылған міндеттерді іске асыру				

Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, эксперимент, кітаптар қарау және өзіне-өзі қызмет ету, тағы басқа іс-әрекеттер)	**Құрылыс ойыны: "Тасбақа баспалдағы"** **Міндеті:** балаларды ғимараттар жасауға, бөлшектерді қабаттастыруға және оларды қатар қоюға үйретуді жалғастыру; құрылыс материалдары мен ғимараттарын тану және атау. Материал: кірпіш және плиталар. Ойын барысы. Топта балалар тасбақалардың отбасын табады. Тәрбиеші алдын-ала топқа су қоймасын салады және балаларға тасбақалар су қоймасына жетуі үшін баспалдақ салуды ұсынады. Кірпіштерді бір-бірінің үстіне қою керек. **(Құрастыру)**	**Құрылыс ойыны: "Қоян үшін тар орындық-ұзын көз Мишутка үшін кең орындық"** **Міндеті:** екі кірпіштен және тақтайшадан тар орындық, ал төрт кірпіштен және екі тақтайшадан кең орындық салуды үйрету. Материал: кірпіш және плиталар. Ойын барысы. Көңілді ойыншықтар балаларға қонаққа келеді, олар балаларға орманда тіпті орындықтар жоқ екенін айтады. Тәрбиеші балаларға қоянға тар орындық, аюға кең орындық салуды ұсынады. Балалар құрылыс үшін материалды өздері таңдайды. **(Құрастыру)**	**Құрылыс ойыны: "Шеңберлерді жина"** **Міндеті:** балалардың біртекті заттарды (көп, аз, тіпті аз, кішкентай, оларды белгілі бір ретпен таңдау арқылы) бағдарлау қабілетін бекіту; физикалық қасиеттерін біле отырып, белгілі бір формамен және әртүрлі мөлшерде әрекет ету кезінде сенсорлық тәжірибені байытуға үйрету. Материал: әртүрлі өлшемдер мен түстердегі жазықтық шеңберлер. Ойын барысы. Сізбен бірге ертегі бөлмесін құрып, шеңберлерді өлшеміне, түсіне, көңіл-күйіңізге қарай орналастырайық. **(Құрастыру)**	**Құрылыс ойыны "Жаяу жүргіншілерге арналған көпір"** **Міндеті:** екі баспалдақты үйретуді жалғастыру және қабаттасу (үстіне пластина төсеу, ғимаратпен ойнау. Сөздік: баспалдақ, биіктік, жоғарғы, көпір, жақын, табақ. Материал: текшелер мен кірпіштер, пластина Ойын барысы. Міне, бізде кең өзен бар. Ал сіз бен біз ойыншықтарды аударуымыз керек. - Біз не істеуіміз керек? Әрине, көпір салу. (тәрбиеші үлгі жасайды) Балаларға көпір салып, ойыншықтарды тасымалдауды ұсынады. **(Құрастыру)**	**Құрылыс ойыны: "Әр түрлі машиналар"** **Міндеті:** балалардың құрылыс бөлшектерінің түсі мен атауы, құрылыс әдістері туралы түсініктерін бекіту. Балаларды ғимараттарды салыстыруға, олардың айырмашылықтарын байқауға үйрету. Материал: текшелер мен кірпіштер, пластиналар. Ойын барысы. Біз қазірдің өзінде жол мен көлік салдық. енді сіз өз машиналарыңызды ойлап тауып, әртүрлі машиналардың бүкіл гаражын салу. Балалар ғимараттарды салыстырады. Олар өз көліктерін атайды. **(Құрастыру)**
Таңертенгі жатты	**ТАҢҒЫ ГИМНАСТИКА КЕШЕНІ (затсыз орындалады)** **Міндеті:** баланың организмін «ояту», оны тиімді күйге келтіру, жан-жақты, бірақ бұлшықет жүйесіне орташа әсер ету, дененің белсенділігін арттыру, дұрыс қалыптың қалыптасуына ықпал ету. 1. «Қолды сермеу». Б.қ.: аяқты алшақ қойып, қолды төмен түсіру. Қолды алға, артқа сермеу. Үлкен амплитудаға бейімдеу. 3-4 рет орындағаннан кейін – үзіліс, демалу. (4 рет қайталау). 2. «Мысық арқасын созып майыстырды». Б.қ.: тізерлеп тұрып, басты көтеру. Басты түсіру, артқа иілу – мысық ашуланды, б.қ.-қа оралу – мысықтың көңілі жайланды. Екі рет орындағаннан кейін, демалу, өкшемен отыру (4–5 рет қайталау).				

	3. «Бақа-бақа балпақ». Б.қ.: аяқты алшақ қойып, қолды белге қою. Отыру, алақанды екі аықтың ортасындағы еденге қою, басты көтеру, «бақ-бақ», – деп, тік тұру (6 рет қайталау). 4. «Құламақ». Б.қ.: аяқты алшақ қойып, қолды артта ұстау. Бір жақтан екінші жаққа шайқалу, демалу – қолды түсіру. (4 рет қайталау). «Доп». Жоғары секіру («Добым менің домалақ» тақпағын айтып секіру). (Жүрумен алмастырып екі рет қайталау). 5. «Көбелектер». Б.қ.: аяқты алшақ қойып, қолды төмен түсіру: қолды екі жаққа созып, көбелектің ұшқанын салу, қолды төмен түсіру, «отырамыз», – деп айту. (4-6 рет қайталау). **(Дене шынықтыру**)**				
Таңғы ас	**Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. **Көркем сөз:** Су, су менің бетімді жу. *(көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)* **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)	**Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. **Көркем сөз:** Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. *(көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)* **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)	**Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. **Көркем сөз:** Дымқылдап күнде сен, Қолыңды сүйкесең. Кетіп кір-ыласың, Тап-таза боласың. *(көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)* **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)	**Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. **Көркем сөз:** Су, су менің бетімді жу. *(көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)* **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)	**Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. **Көркем сөз:** Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. *(көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)* **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)
Ұйымдастырылған	Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту) Ұйымдастырылған іс әрекет тақырыбына сай жұмбақтар жасыру. Жаттаған тақпақты есіне түсіріп, қайталап айту.				

іс-әрекетке дайындық	**Саусақ жаттығуы: «Саусақтардың амандасуы»** Бас бармақ өзінен басқа саусақтардың атын атап амандасады - Сәлеметсің бе, Балаң үйрек! - Сәлем, Ортан терек! - Амансың ба, Шылдыр шүмек! - Қалың қалай, Кішкене бөбек! (Бас бармақ кезекпен барлық саусақтарға ұшын тигізіп амандасады) **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**	**Саусақ жаттығуы: «Гүл»** Балалар қолдарын көтеріп, саусақтарын біріктіріп, жабылып тұрған гүлдердің бүршіктерін келтіреді. Жайлап саусақтарын ашып, алақандарын жайып «гүлдің ашылғанын» көрсету. Төмендегі тақпақты қайталау. Міне, гүлдің бүршіктері, Ашылады әдемі. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**	**Саусақ жаттығуы: «Көмекшілерге алғыс білдіру»** - Рахмет саған, көздерім, сендер бәрін көресіңдер. (көзерін қолмен басу) - Рахмет саған, құлақтарым, сендер бәрін естисіңдер. (құлақтарын ұстау) - Рахмет саған, қолдарым, сендер бәрін істейсіңдер. (шапалақтау) - Рахмет саған, аяқтарым, енді, сендер топылдатып жүресіңдер. (топылдату) **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**	**Саусақ жаттығуы: «Менің отбасым»** Бас бармақ – ата, Сұқ саусақ – әже. Ортан терек – әке, Шылдыр шүмек – ана, Кішкене бөбек – мен. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**	**Саусақ жаттығуы: «Достық» жаттығуы** Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос (қолдың саусақтары өзара бірігеді) Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз (екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу) Бір, екі, үш, төрт, бес… (шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу) Қайтадан санауды бастаймыз. Бір, екі, үш, төрт, бес.. Енді санауды аяқтадық (қолды төмен түсіреміз, демалтамыз). **((сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**

Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдасты-рылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** 4 метр қашықтыққа тура бағытта еңбектеу. Түрегеп тұрып бір-біріне допты домалату (арақашықтық – 1,5 метр). Белгіленген бағытты сақтай отырып, еңбектеп жүру, қолдары мен аяқтарының ептілігін жетілдіре готырып. 1,5 метр қашықтықта түрегеп тұрып бір-біріне допты домалату, доптың қозғалысын төменнен күшпен лақтыра отырып бағыттай білу.	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Балаларды өз ойыншықтарын атап айта білуге үйрету. Ерекше дыбыстармен таныстыру. күнделікті өмірде жиі қолданылатын үй тұрмысындағы кейбір заттардың атауларын, дұрыс айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру; **Сөздік минимум** Қуыршақ, доп, бар, менде, домалақ «Ойыншықтар» постері. Дидактикалық ойын «Ойыншықтар дүкені»	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** 4 метр қашықтыққа алақан мен тізені тіреп, тіке бағытта еңбектеу. Екі аяқпен секіру (аяқтарын қосып секіру, екі жаққа алшақ қойып секіру). Белгі бойынша тоқтау, тепе-теңдікті сақтап отыру, орнынан тұру және жүгіру. Алақан мен тізені тіреп еңбектегенде қимыл-қозғалыстарын үйлестіру. Бір орында тұрып екі аяқпен секіруге жаттығу, бір мезетте екі аяқпен секіре білу. Кеңістікте бағдарын айқындауды, үйлестіру, зейінін арттыру.	**Музыка (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша)**	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** 15 см биіктіктегі заттардан секіріп түсу. Төрттағандап еңбектеу, доға жасап тұру, екі қолмен әртүрлі бағытта допты домалату. 15 см биіктіктегі заттардан секіру, екі аяқпен алға қарай секіру. Төрттағандап еңбектеу, доға жасап тұру жаттығуды жалғастыру. Екі қолмен әртүрлі бағытта допты домалату . Негізгі түстер – қызыл, сары, жасыл, көкті ажырату, кеңістікте бағдарды айқындау.
	«Менің сүйікті әжем» әңгіме **Міндеті:** Отбасындағы әженің рөлін көрсету. Балаларды мейірімділікке жанашырлыққа және	**«Менің атам осындай» суретпен жұмыс** **Міндеті:** жақын қарттардың жағдайына эмоционалды жауап	**«Геометриялық пішіндер туралы ертегі»** **Міндеті:** Пішіндер туралы ертегімен таныстыру.	**«Жеті лақ ертегісі» Суретпен жұмыс** **Мақсаты:** **Міндеті:** «Жеті лақ» ертегісінің үзіндісіне тоқтала отырып	**«Отбасылық демалыс» әңгіме** **Міндеті:** отбасылық өмірге дұрыс дүниетаным қалыптастыру.

	әжесіне көмектесуге шақыру. Балаларға 3-4 сөзден тұратын қысқа сөйлемдер құруды үйрету жалғастыру. **«Менің әжем» өлеңі Қ. Мырзалиев.** Менің әжем ақ әжем, Ұл мен қыздың бағы әжем Ертегі айтып бер десең, Айтып берер тағы әжем ***(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)*** **Сергіту сәті:** **«Көмекшілер»** Керемет қамыр иледік (*қолдарын қысып , илеу тәсілін көрсетеді)* Ой-сені ме! Ой-сені ме! *(Тікелей қолдарды алдыға шапалақтау – «тәрелкелер».)* Табалар қыздырылды *(алақанды алақанға көлденең жаю.)* Ой-сені ме! Ой-сені ме! *(шапалақтау – «тәрелкелер»)* Алақандар, алақандар *(Алдыға қолын созып екі рет шапалақтау)* Біз құймақ пісіреміз! *(Алақандарды жоғары-төмен бұру.)* Алақандар, алақандар	беруді қалыптастыру, оларға қуаныш сыйлай білу. Дағдыларды қалыптастыру: дауысты (а, е, і) дыбыстарды айта білуге үйрету. ***(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)*** **Топтық жұмыс:** **«Атама арналған сыйлық»** Әр бала таңдауы бойынша сурет салып, мүсіндейді **(сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, математика негіздері)** «Етікші ата» әні https://youtu.be/dt2V4BTInQ (музыка	*(математика негіздері)* **Қимылды ойын: «Кім баяу?»** **Шарты:** Балалар тәрбиешімен бірге жүріп келе жатыр. Күтпеген жерден ол: «Ал, енді көрелік, сендердің іштеріңнен кім өте баяу, аяқтың ұшымен жүре алады. Міне, былай», – дейді. Балалар аяқтарының ұшын көтеріп, мүмкіндігінше жай жүруге тырысады. Олар сол жүріп келе жатқан бағытта жүруді жалғастыра береді. Тәрбиеші білдірмей бір жаққа қарай шегініп: «Ал, енді бәрің маған қарай жүгіріңдер», – дейді. Балалар тәрбиешіге қарай жүгіріп, оны қоршап алады, ал ол балалармен әңгімелеседі, олардың жаттығуды жақсы тырысып орындағандарын айтады. ***(дене шынықтыру)***	бүлдіршіндердің қызығушылығын ояту. сөздік қорын жандандыру және байыту; сөйлеудің интонациялық мәнерлілігін дамыту; мағынасы бойынша дұрыс сөзді таңдау; ***(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)*** **Сергіту сәті:** Лағым-ау лағым, Ерке тотай шұнағым. Ағаштарды кемірсең, Құлағыңды жұламын. *(дене шынықтыру**)* **Дидактикалық ойын: «Қандай ертегі ұнайды?»»** Мен допты оң жағымда тұрған адамға беремін, ол өзіне ұнайтын ертегіні атайды. Доп маған оралғанша шеңбер бойымен өтеді. ***(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)*** **«Лақтарға арналған үйшік»** топтық жұмыс қалыптастыру: ***Міндеті:*** әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден	Отбасылық демалысты ұйымдастырудың кең тараған түрлерімен таныстыру; ***(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)*** **«Танып ал да, атын ата» дидактикалық ойын** Мақсаты: заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту. Құрал-жабдықтары: әр түрлі ойыншықтар және суреттер. Мазмұны: Балаларға әртүрлі ойыншықтарды көрсету. Ортаға бір-бір баладан шақырып, бір ойыншықты алып, оның түр-түсін, пішінін, қасиетін анықтауды және сол ойыншық жайлы әңгіме құрауды немесе тақпақ айтып беруді ұсынады. ***(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)*** **«Демалысқа шығу үшін қажетті заттар»** ***Міндеті:***

	(Алдыға қолын созып екі рет шапалақтау) Біз әжеге көмектесеміз*!* *(Қолды кеудеге басу, қолды алға қарай еңкейту.)* *(дене шынықтыру**)* **«Әжеме арналған алашалар»** ***Міндеті:*** әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру. Заттық сурет салу. Түрлі бағытта тура сызықтарды, олардың қиылысуын жүргізе білуді қалыптастыру: Заттық мүсіндеу. Сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. Сазбалшық кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету; **(сурет салу, жапсыру)**		**«Кішкентай үй»** Міндеті: Заттық сурет салу. Түрлі бағытта тура сызықтарды, олардың қиылысуын жүргізе білуді қалыптастыру: **(сурет салу)**	қарапайым құрылыстар құрастыру Түрлі бағытта тура сызықтарды, олардың қиылысуын жүргізе білуді қалыптастыру: Заттық мүсіндеу. Сазбалшықтың, қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. Сазбалшық, кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету; **(сурет салу, жапсыру)**	әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру. Заттық сурет салу. Түрлі бағытта тура сызықтарды, олардың қиылысуын жүргізе білуді қалыптастыру: ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету; **(сурет салу, жапсыру,)**

	«Сағындым, әже, сағындым» әні https://youtu.be/dz8pXBAMEh0 (музыка)				
Серуенге дайынды	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтарын және спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Жүйелі киіну (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ мотериканы дамыту) **«Біз киініп үйренеміз» әңгіме** **Мақсаты:** балалардың тез, өз бетінше және белгілі бір ретпен серуендеу дағдыларын жетілдіру; заттарын шкафта дұрыс орналастыруға үйрету. **«Дұрыс-бұрыс» ойыны** Шарты: бірінші кезекте шалбар емес, бас киім кисе не болады? Ал егер алдымен етік, содан кейін шалбар кисе ше? Ал егер жем шалбарға салынбаса ше? Ауырып қалмас үшін дұрыс ретпен киіну керек! **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**				
Серуен	**Серуен** **Бақылау: Күз мезгілін бақылау** **Мақсаты:** балаларға күз мезгілі туралы түсінік беру. *(қоршаған ортамен таныстыру)* **Еңбек:** Учаскедегі шашылған ағаш бұтақтарын жинату. **Мақсаты**: Еңбекке баулу. *(еңбек қызметі)* **Көркем әдебиет бойынш жеке жұмыс.** **Көркем сөз:** «Күз» Берекесін сыйлауға Өлкемізге күз келді. Жемістерін жинауға Шақырады біздерді. *(көркем әдебиет)*	**Серуен** **Бақылау: Бұлтты бақылау** **Мақсаты:** балаларға бұлттың неге ұқсайтынын, қай бағытқа көшіп жатқанын бақылатып әңгімелеу. *(қоршаған ортамен таныстыру)* **Еңбек:** Учаскедегі шашылған жапырақтарды жинату. **Мақсаты**: Еңбекке баул (еңбек қызметі) **Көркем әдебиет бойынша жеке жұмыс көркем сөз:** «Бұлт» Қ. Әлімқұлов Түрленді дала, бау-	**Құстарды бақылау** **Мақсаты:** Күзгі құстардың өмірі жайлы түсінік беру. ***(қоршаған ортамен таныстыру)*** ***Жеке жұмыс:*** **Көркем сөз**: «Суық торғай» (С. Қалиев) Торғай-торғай тоңдың ба, Қарап қойып жай ғана, Тұра алмайсың орныңда Жем іздейсің айнала. Бір қонасың, бір ұшып, Үйге кірші, торғайым, Отырасың бүрісіп. Мен аяздан қорғаймын ***(көркем әдебиет)***	**Ағаштардан желмен ұшып түсіп жатқан жапырақтарды бақылау.** **Мақсаты:** Жапырақтардың ағаштардан қалай түскенін бақылап, әдемі жапырақтардың айналаға қалай сән беріп тұрғанын әңгімелету. ***(қоршаған ортамен танытыру)*** **Еңбек**: Шашылған жапырақтар қалдықтарын жинау. **Мақсаты:** еңбекке баулу. *(еңбек қызметі)* **Көркем сөз:** Ертегі	**Құмдағы іздерді бақылау** Мақсаты: Учаскелердегі құмдағы іздердің кімнің ізі екенін айыра білуге үйрету. Өз іздерін бір-бірімен салыстыру. ***(қоршаған ортамен таныстыру)*** **Еңбек:** Құм салғыштағы құмды күрекшелерімен көтеру. **Мақсаты:** еңбексүйгіштік тәрбиелеу. (еңбек қызметі) **Жеке жұмыс:** **Жұмбақ:** Жиып-теріп болатын, Қамбаға астық толатын, Қызыл қырман ойнайтын,

	Қимылды ойын. «Кептерді қуып жет» **Мақсаты:** Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру. *(дене шынықтыру**)* Ерк ойындар.	бақша, Құлпыра қалды тау жақта. Қара бұлтты жел қуып Жөнеп берді аулаққа. *(көркем сөз)* **Қимылды ойындар.** «Түсті автокөліктер» Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау. *(дене шынықтыру**)* Еркін ойындар	**Еңбек**: Құстарға жем шашу. **Мақсаты:** Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. (еңбек әрекеті) **Қимылды ойын** «Ақ қоян» *(дене шынықтыру**)* Еркін ойын	оқып беру «Ағаштар ұйықтай ма?» (көркем әдебиет) **Қимылды ойын**. «Қасқырлар мен лақтар» *(дене шынықтыру**)*Еңбек әрекеті	Қай мезгіл деп ойлайсың? (Күз) (көркем әдебиет) **Қимылды ойын**. «Жапалақтар» *(дене шынықтыру**)* Еркін ойын
Серуеннен оралу	**Балалардың реттілікпен шешінуі, жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау** Киімді белгілі бір тәртіппен шешу және кию дағдыларын үйрету: - Түймелерді ретумен ағытамыз. - Көйлек, шалбарды шешеміз, ақырын іліп қоямыз. - Көйлекті шешіп, оны шалбарға, шортиға қосып іліп қоямыз. - Аяқ киімді шешіп, екінші аяқ киімді киеміз. - Колготкаларды шешіп, көйлекке қосып іліп қоямыз. ***(сөйлеуді дамыту, еңбек әрекеті).***				
Түскі ас	**Гигиеналық шаралар:** Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану: «Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу» **Кезекшілердің жұмысы**: (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) **«Қонжыққа қасықты қалай ұстауды үйретеміз». (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**				
Күндізгі ұйқы	**Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.** Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды, өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Ұйқы кезінде бала басына көрпені жауып, мұрнын жастыққа көміп тастамауын, жастықта баланың денесі емес, тек басы жатуын қадағалау. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту).** **Ертегі оқып беру. «Мысық тамақ ішкен соң неге жуынады?»** **Мақсаты:** Ертегіні тындауға деген сүйіспеншілігін артыру. Балалардың ой-өрісін, сөздік қорларын дамыту, сұрақтарға түсініп жауап беруге дағдыландыру. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** **Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау.**				

Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	**Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі). Киімдерін реттілікпен өздігінен киіп Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту).** **Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету** Шомылған баланы, Аймалап алады. Сүртеді қолыңды, Сүртеді жоныңды. **(мәдени-гигиеналық дағдылар).**				
Бесін ас	Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру. Жастықтан біз тұрамыз, Қолымызды созамыз. Аяғымызды жазамыз, Үлкен болып өсеміз. **(дене шынықтыру**)** Аймалап алады. Сүртеді қолыңды, Сүртеді жоныңды. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**Сюжетті-рөлді ойын: «Дүкен. Жеміс-жидектер бөлімі»** **Міндеті:** Балаларға дүкенде жұмыс істейтін қызметкерлердің еңбектері туралы білім беру, қызығушылықтарын арттыру. Рөлдерге бөлініп ойнауға үйрету. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** **Дидактикалық ойын: "Құыршақтарға арналған кәмпиттер"**	**Дидактикалық ойын: "Түрлі-түсті доп"** **Міндеті:** мүсіндеу әдістерін бекіту (шымшу, домалау); түстерді араластыруға үйрету; саусақтардың ұсақ моторикасын, табандылығын дамыту. **Материал:** мүсіндеу тақтасы, ермексаз, стектер, майлық. **Ойын барысы:** балаларға саусақтардың көмегімен әр түрлі түсті пластилин кесектерінен кішкене бөліктерді қысуды ұсыну. Оларды	**Дидактикалық ойын: «Заттың атын ата»** **Мақсаты:** Балаларға түстерді ажырата білуге дағдыландыру. **(математика негіздері)** **Дидактикалық ойын: "Уақыт машинасы"** **Міндеті:** "пластилинография" техникасында мүсіндеу әдістерін бекіту; шығармашылық қиялын, қиялын, ұсақ моторикасын дамыту. Материал: әр түрлі түсті ермексаз, стек, майлық	**Дидактикалық ойын: «Көп-аз»** **Мақсаты:** берілген түс бойынша заттарды табу және атау. **(математика негіздері)** **Балаларға арналған концерт-қолдан жасалған музыкалық аспаптарда ойнау.** **Мақсаты:** көркемдік дағдыларды дамыту. ***(музыка)*** **Дидактикалық ойын: «Көктем гүлдері»** **Міндеті:** түстерді ажырату және атау қабілетін бекіту,	**Сюжетті-рөлді ойын: «Дүкен. Жеміс-жидектер бөлімі»** **Міндеті:** Жеміс-жидектердің атауларын қайталау, дүкенде не бар екенін, қанша тұратынын , өзінің не сатып алатынын айта алуға үйрету. Қоғамдық орындарда қарым-қатынас жасай білуге үйрету. Есте сақтау қабілеттерін дамыту, сауатты жазу, оқуға дағдыландыру, ауызша сөйлеуге жаттықтыру. Мемлекеттік тіл - қазақ

	Міндеті: мүсіндеу әдістерін бекіту (шымшу, домалау, тегістеу); саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту, шығармашылық қиялын дамыту. Материал: мүсіндеу тақтасы, ақ және қоңыр ермексаз, кәмпит қораптары, стек, майлық, илектеу түйреуіш, қайшы. Ойын барысы: балаларға ермексаздан әр түрлі пішінді қуыршақтар үшін "кәмпит" жасауды ұсыну. Сіз қоңыр түсті ермексазың бір бөлігін қысып, допты немесе текшені орап, ермексаздың ақ бөлігін алып, бір бөлігін қысып, одан шұжық жасап, шарды немесе текшені шұжықпен безендіру керек. Немесе илектеу түйреуішпен екі түсті пластилинді жайыңыз, бір-бірінің үстіне мүсіндеу үшін жайылған массаға жағу, роликті орап, кесектерге кесіңіз, кәмпит	ермексаз жұмсақ болғанша біріктіріп, қолға илеу. Содан кейін осы бөліктен допты мүсіндеу. Стек көмегімен доптың бетіне сызық сызу, сонда ол доп тәрізді болады. **(Мүсіндеу)**	Ойын барысы: "біздің балабақшада уақыт машинасы бар деп елестетіп көрейік. Сендер оған отырасыңдар және кез келген елдің болашағы мен өткеніне саяхат жасай аласыңдар". Балаларға уақыт машинасында саяхаттаған кезде не көретінін елестетуге, содан кейін оны мүсіндеуге шақыру. **(Мүсіндеу)**	элементтерді түсі (қызыл, сары, жасыл, көк) және өлшемі (үлкен, кіші) бойынша байланыстыру қабілетін қалыптастыру. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Ойын тапсырмасы: Машаға анасына гүл шоғын жинауға көмектесу, өйткені оның бүгін туған күні бар. Балаларға сары, қызыл, жасыл, көк гүл элементтерін таңдауға көмектесу. Бұл элементтерден қызыл, сары және жасыл, көк гүлдер жасауға көмектесу. Ойын ережелері: гүлдің элементтерін түсі бойынша дұрыс таңдау, қолдану арқылы жапырақшаларды гүлдің ортасына қосу. Қиындық кезінде бір-біріне көмектесу. Бір-біріне кедергі жасамау. **(Мүсіндеу)**	тілін қадірлеуге тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** **«Жирафтағы дақтар»** **Міндеті:** бөлшектерді (өте ұзын мойын мен аяқ, мүйіз) беру арқылы жануарларды мүсіндеуге үйретуді жалғастыру. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. **Сергіту сәті: "Жирафтарда"** Өлең барысында балалармен бірге қимылдар жасау. Жирафтарда дақтар бар, (Бүкіл денені алақанмен шапалақтау) Дақтар барлық жерде. Жирафтарда дақтар бар, Дақтар барлық жерде. Маңдайда, құлақта, мойында, шынтақта, (Екі сұқ саусақ дененің тиісті бөліктеріне тиеді.) Мұрынға, асқазанға, тізе мен шұлыққа. - Бүгін бізге кім келеді? Дұрыс, жираф. Біреу есікті қағып, ойыншық

	қорабына салу. **(Мүсіндеу)**				жираф пайда болады. Балалар онымен амандасады, оны сипаттайды: жирафтың қоңыр дақтары бар сары жүні бар, ол өте ұзын, аяғы ұзын, құйрығы, мойны, тілі бар (балалардан олардың тілі қанша екенін көрсетуін сұрау). Басында құлақ пен мүйіз бар. Жираф ыстық елдерде тұрады. Ол биік ағаштардың жапырақтарын жейді. Біздің жирафқа не жетіспейді? Оның денесіндегі дақтар. Сендер ермексаздан жирафтың дақтарын мүсіндейсіңдер. **(Мүсіндеу)**
Балалармен жеке жұмыс	Әмірege Күз туралы тақпақтар мен әндерді қайталау. **Мақсаты:** артикуляциялық аппаратты дамыту. ***(сөйлеуді дамыту)*** -қияр мен қызанақты мүсіндету.	Айымға «Үйшік» ертегісін оқып беру. **Міндеті:** балалардың шығармашылық қабілетін дамыту.	Каусарға «Сипап сезу арқылы санау» **Міндеті:** Сипай сезіп санау арқылы қарамай-ақ екі топтағы заттарды салыстыруға үйрету (артық, кем, тең); санау дағдыларын бекіту; салыстыруда беттестіру тәсілін қолдана білу. ***(математика негіздері)*** Айсараға-жапсыру. .	**Әділетке Ертеңгіліктегі өлеңді қайталау, таза сөйлеуге үйрету. Міндеті:** артикуляциялық аппаратты дамыту. *(сөйлеуді дамыту*) Ибрагим-құрастыру,	**Айзереге «Үшбұрыш» Міндеті:** геометриялық пішіндер (үшбұрыш, дөңгелек, шаршы) туралы ұғымдарын тереңдету; қоршаған ортадан геометриялық пішіндерге ұқсас заттарды таба білу қабілеттерін арттыру. **Тақпақ жаттату.** Үшбұрышпын, үшбұрышпын, Үш қабырғам бар

					бұрышпын, Төртбұрыштан аз болсам да, Орны бөлек үшбұрышпын.
Серуенге дайындық	**Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау** **«Киімді қалай киюге болады?» әңгіме** Киімдердің тазалығын сақтау қажет. Киінгенде киімнің түймесінің дұрыс қадап, көйлекті шалбардың немесе юбканың ішіне салынғанын қадағалау керек. Шұлықтың, аяқ киімнің оң киілуіне баса назар аудару керек. ***(Сөйлеуді дамыту)***				
Серуен	Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары мен табиғат обьектілерін бақылау. *(қоршаған ортамен таныстыру)* **Аз қимылды ойын:** Ит пен қоян» **Мақсаты:** Шапшаңдық қа,ептілікке баулу. **Шарты:** Ойын жазық алаңда ойналады. Бір бала ит болады да, қалғаны қоян болады. Бұдан кейін « ит», « қояндарды» қуып ұстауға тырысады. Өзі ұстаған балалардың барлығын итке айналдарды. Сөйтіп барлық қояндар итке айналғанша ойын жалғаса береді. *(дене шынықтыру**)*	Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары мен табиғат обьектілерін бақылау *(қоршаған ортамен таныстыру)* **Аз қимылды ойын:** «Күн мен жаңбыр» **Шарты:** Балалар ашық алаңда еркін ойнап жүреді, гүл тереді, көбелек қуады, секіреді, жүгіреді. Тәрбиеші «Жаңбыр жауды!» дегенде балалар пана іздеп, үйшіктерге тығылады. Тәрбиеші «Күн шықты!» дегенде балалар қайта алаңға шығып, ойындарын жалғастырады. ***(дене шынықтыру**)***	Күннің екінші жартысындағы желді бақылау. **Аз қимылды ойын:** « Қу түлкі » **Шарты:** Балалар бір-біріне бір адымдай ара қашықтықта тұрады (шеңбер жасап). Балалар көздерін жұмып тұрады. Тәрбиеші шеңберді айналып жүріп білдіртпей бір баланы түртеді. Сол бала түлкі болады. Балалар көздерін ашып бір-біріне мұқият қарайды. Қу түлкі сен қайдасың? Үш рет айтқанда қу түлкі ортаға қолын көтеріп мен мындамын деп жүгіріп шығу керек. Барлық балалар жан-жаққа қашады. Қу	Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары мен табиғат обьектілерін бақылау *(қоршаған ортамен таныстыру)* **Аз қимылды ойын:** «Күн мен жаңбыр» **Шарты:** Балалар ашық алаңда еркін ойнап жүреді, гүл тереді, көбелек қуады, секіреді, жүгіреді. Тәрбиеші «Жаңбыр жауды!» дегенде балалар пана іздеп, үйшіктерге тығылады. Тәрбиеші «Күн шықты!» дегенде балалар қайта алаңға шығып, ойындарын жалғастырады. *(дене шынықтыру**)*	Күннің екінші жартысындағы желді бақылау. **Аз қимылды ойын:** « Қу түлкі » **Шарты:** Балалар бір-біріне бір адымдай ара қашықтықта тұрады (шеңбер жасап). Балалар көздерін жұмып тұрады. Тәрбиеші шеңберді айналып жүріп білдіртпей бір баланы түртеді. Сол бала түлкі болады. Балалар көздерін ашып бір-біріне мұқият қарайды. Қу түлкі сен қайдасың? Үш рет айтқанда қу түлкі ортаға қолын көтеріп мен мындамын деп жүгіріп шығу керек. Барлық балалар жан-жаққа қашады. Қу түлкі ұстап алуы керек. *(дене шынықтыру**)*

			түлкі ұстап алуы керек. *(дене шынықтыру**)*		
Серуеннен оралу	**Балалардың киімін ретімен шешу, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, дербес және ойын әрекеті**				
Балалардың үйге қайтуы	**Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.**				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
2023-2024 оқу жылы

Мектепке дейінгі ұйым: "Диана 2019" балабақшасы ЖШС
Топ: **«Ұшар»** ортаңғы тобы
Балалардың жасы: 3 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: 02.10-06.10.2023 жыл I апта

Күн тәртібінің кезеңдері	**Дүйсенбі 02.10.2023**	**Сейсенбі 03.10.2023**	**Сәрсенбі 04.10.2023**	**Бейсенбі 05.10.2023**	**Жұма 06.10.2023**
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу. Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі және көшедегі күн тәртібі туралы әңгімелесу **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет).**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	**Ата-аналарға кеңес.** «Балалардың өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын тәрбиелеу»				
Перспективалық жоспарда қойылған міндеттерді іске асыру					

Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, эксперимент, кітаптар қарау және өзіне-өзі қызмет ету, тағы басқа іс-әрекеттер)	**Құрылыс ойыны: "Әр түрлі машиналар"** **Міндеті:** балалардың құрылыс бөлшектерінің түсі мен атауы, құрылыс әдістері туралы түсініктерін бекіту. Балаларды ғимараттарды салыстыруға, олардың айырмашылықтарын байқауға үйрету. Материал: текшелер мен кірпіштер, пластиналар. Ойын барысы. Біз қазірдің өзінде жол мен көлік салдық. енді сіз өз машиналарыңызды ойлап тауып, әртүрлі машиналардың бүкіл гаражын салу. Балалар ғимараттарды салыстырады. Олар өз көліктерін атайды. **(Құрастыру)**	**Құрылыс ойыны: "Пароход, қайық салу. Қуыршақ қонақтың сапары"** **Міндеті:** балалардың кірпішті бір-біріне мықтап қою, ұзын тар жағына қою, қайықты немесе пароходты бейнелеу қабілетін бекіту. Мұрын, жем бөлшектерін ажырату. Материал: текшелер мен кірпіштер, пластиналар. Ойын барысы. Біздің ойыншықтар саяхаттауды өте жақсы көреді, бірақ теңізде жүзу үшін кеме жасау керек. Ойыншықтарымызға көмектесіп, кеме жасап, оны «Достық» **(Құрастыру)**	**Құрылыс ойыны: "Геометриялық фигураларды табу"** **Міндеті:** пішін, түс, шама ұғымдарымен танысу, бастапқы математикалық көріністерді құру: геометриялық фигуралармен, олардың негізгі белгілерімен танысу, санауды үйрену, бүтін мен бөліктің қатынасын түсіну, сындарлы іс-әрекет: затты бөліктерден бүктеу, логикалық ойлауды, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді дамыту, ұсақ мотериканы дамыту, қолды жазуға дайындау, қиялды, шығармашылық белсенділікті дамыту. Материал: негізгі түстердің жазықтық геометриялық фигураларының жиынтығы, жақтаулар, кесілген фигуралар. Барысы: Ойынды шашыратып, баланы үшбұрыштарды, шеңберлерді, тіктөртбұрыштарды	**Құрылыс ойыны: "Ою-өрнек жаса"** **Міндеті:** пішін, түс, шама ұғымдарымен танысу, бастапқы математикалық көріністерді құру: геометриялық фигуралармен, олардың негізгі белгілерімен танысу, санауды үйрену, бүтін мен бөліктің қатынасын түсіну, сындарлы іс-әрекет: затты бөліктерден бүктеу, логикалық ойлауды, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді дамыту, ұсақ мотериканы дамыту, қолды жазуға дайындау, қиялды, шығармашылық белсенділікті дамыту. Материал: негізгі түстердің жазықтық геометриялық фигураларының жиынтығы, жақтаулар, кесілген фигуралар. **Барысы:** Ою-өрнек жазықтықта қайталанатын элементтердің орналасуына негізделген. Ою-	**Құрылыс ойыны: "Қайта құру"** **Міндеті:** балаларды ойын жағдайын жасай отырып, сол немесе басқа ғимаратты қайта құруға (...орналастыру, кеңейту, ұзарту) ынталандыру. Барысы: балалар өз бастамасымен қақпа салды; тәрбиеші көлікті алады (қақпадан гөрі үлкен), оған ойыншық отырғызады, ғимаратқа келеді және айтады. Сіз қақпаны ашып, көлікті өткізіп жібересіз! Осылайша, балаларды көлік жүре алатындай етіп ғимаратты қайта құруға шақырады. **(Құрастыру)**

			табуға шақыру. Геометриялық фигураларды тізімдеуді, олардың санын санауды, негізгі белгілері бойынша салыстыруды сұрау (бұрыш, жақтар, олардың саны) **(Құрастыру)**	өрнектерді бірдей және әртүрлі фигуралардан жасауға болады, оларды сызық бойымен, желдеткішпен, гүлмен немесе ішінара қабаттастырады **(Құрастыру)**	
Таңертенгі жаттығу	**ТАҢҒЫ ГИМНАСТИКА КЕШЕНІ (затсыз орындалады)** **Міндеті:** баланың организмін «ояту», оны тиімді күйге келтіру, жан-жақты, бірақ бұлшықет жүйесіне орташа әсер ету, дененің белсенділігін арттыру, дұрыс қалыптың қалыптасуына ықпал ету. 1. «Күнге қолымызды жылытамыз». Б.қ.: аяқты алшақ қойып, қолды артта ұстау (белге қою). Қолды алға созып, алақанды жоғары, төмен бұрып: «ыстық», – деп, қолды артқа тығу. Орнықты қалып. (6 рет қайталау.) 2. «Тізені шапалақтау». Б.қ.: аяқты алшақ қойып, қолдыбелге қою. Алға иіліп, тізені шапалақтап: «шап-шапшапалақ», – деп, денені түзу ұстап тұру, жоғарыға қарап созылу. (5 рет қайталау.) 3. «Жоғары созыл». Б.қ.: өкшемен отырып, қолдыбелге қою. Тізерлеп отырып, созылып, жоғарыға қарау, б.қ.-қа оралу, «отырдық», – деп айту. (5 рет қайталау). 4. «Қоян». Б.қ.: аяқты алшақ қойып, қолды төмен түсіру (қолды әртүрлі қалыпта ұстауға болады). 8-10 секіру және 8-10 қадам. Жеңіл секіру. Еркін тыныс алу. (3 рет қайталау).				
Таңғы ас	**Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. **Көркем сөз:** Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз.	**Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. **Көркем сөз:** Дымқылдап күнде сен, Қолыңды сүйкесең. Кетіп кір-ыласың, Тап-таза боласың.	**Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. **Көркем сөз:** Су, су менің бетімді жу.	**Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. **Көркем сөз:** Сырттан келіп үнемі,	**Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. **Көркем сөз:** Дымқылдап күнде сен,

	(көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру) **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)	**(көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру*)*** **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)	**(көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)	Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. **(көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)	Қолыңды сүйкесең. Кетіп кір-ыласың, Тап-таза боласың. **(көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру*)*** **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту) Ұйымдастырылған іс әрекет тақырыбына сай жұмбақтар жасыру. Жаттаған тақпақты есіне түсіріп, қайталап айту.				
	Саусақ жаттығуы: «Үстел» «Үстелдің төрт аяғы бар, Үстінде алақан тәрізді қақпағы бар». **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**	**Саусақ жаттыуы: «Менің отбасым»** Бас бармақ – ата, Сұқ саусақ – әже, Ортан терек – әке. Шылдыр шүмек – ана, Кішкене бөбек – мен. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**	**Саусақ жаттығуы: «Достық» жаттығуы** Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос (қолдың саусақтары өзара бірігеді) Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз (екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу) Бір, екі, үш, төрт, бес… (шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне	**Саусақ жаттығуы: «Саусақтардың амандасуы»** Бас бармақ өзінен басқа саусақтардың атын атап амандасады - Сәлеметсің бе, Балаң үйрек! - Сәлем, Ортан терек! - Амансың ба, Шылдыр шүмек! - Қалың қалай, Кішкене бөбек! (Бас бармақ кезекпен барлық саусақтарға	**Саусақ жаттығуы: «Гүл»** Балалар қолдарын көтеріп, саусақтарын біріктіріп, жабылып тұрған гүлдердің бүршіктерін келтіреді. Жайлап саусақтарын ашып, алақандарын жайып «гүлдің ашылғанын» көрсету. Төмендегі тақпақты қайталау. Міне, гүлдің бүршіктері, Ашылады әдемі.

			тигізу) Қайтадан санауды бастаймыз. Бір, екі, үш, төрт, бес.. Енді санауды аяқтадық (қолды төмен түсіреміз, демалтамыз). **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**	ұшын тигізіп амандасады)\ **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**	**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырыл-ған іс-әрекет	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** денсаулық сақтау технологиясын және «Қояндар» саусақ гимнастикасын қолдану арқылы балалардың дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылығын қалыптастыру және қызығушылығын дамыту. екі аяқпен секіруге үйрету (аяқты қосып секіру және екі жаққа алшақ қойып секіру), тізені аздап бүгіп, екі аяқпен серпіле секіру. Бір қарқынды сақтай отыра шеңбер бойымен жүре білуді бекіту. Жаттығу жасау кезінде тыныс алуды тоқтатпауды қалыптастыру. Үйлестіру қабілетін дамыту, қарқынды сақтау,	**Қазақ тілі** **Міндеті**: Балаларды табиғат түрлерінің қазақша атауларымен таныстыру, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. **Сөздік минимум** Тас, тау, су, жансыз табиғат, жанды табиғат, өсімдік, гүл, шөп **Дидактикалық ойын «Жапырақтар»**	**Дене шынықтыру** **Міндеті:**«Қыздар және ұлдар» ойын-жаттығуынқолдану арқылы балалардың дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылығын қалыптастыру және қызығушылығын дамыту. аяқты алшақ қоя отырып, 1 метр арақашықтықта бір-біріне допты домалатуға үйрену, доптың қозғалысының бағытын сақтауды үйренуге қалыптастыру. Екі аяқпенептілікпен секіруге жаттығу (аяқты қосып секіру және екі жаққа алшақ қойып секіру), тізені аздап бүгіп секіріп,	**Музыка** **(Музыка жетекшісінің жоспары бойынша)**	**Дене шынықтыру** **Міндеті:**екі аяқтап секіру дағдысын қалыптастыру. екі аяқпен сызықтан секіруге үйрену. Кедергілер 1 арасынан жаяу жүріп және жүгіріп өту дағдысын бекіту,ептілікті жетілдіру. Шектелген алаң үстінен жүргенде тепе-теңдікті сақтауды жетілдіру. Балаларды бір-бірін қадірлеу, өзара жайлы қарымқатынас орнатуға тәрбиелеу, зейінін дамыту. Жарақаттанудың алдын алу.

	педагогтің нұсқауымен іс-әрекетті жылдамдата және баяулата орындай білу, мейірімділікке, ымырашылдыққа тәрбиелеу.		аяқты алшақ не бірге қойып секіруге жаттығу. Көзбен өлшеуді, зейінін дамыту, үйлестіру қабілетін арттыру, мейірімділікке, спортзалдағы тәртіпке тәрбиелеу.		
	Суретке қарап әңгіме құрастыру. «Жемістер бағы» әңгімесі. -Суретте не көріп тұрсыңдар? -Бақшада не жиап жатыр? Суреттерді көріп тұрып бақылау кезінде байланыстырып сөйлеуді дамыту. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** Тербеледі ағаштар Алдымнан жел еседі. Кіпкішкентай балалар Үп-үлкен боп өседі . ***(дене шынықтыру)*** **Дидактикалық ойын: «Не жоқ?»** **Міндеті:** балаларға жемістер мен көкөністерді көрсету арқылы, есте сақтау қабылетін арттыру. Түстерін және пішінін айтқызу.	1.Ашулы қонақ бұл анық, Тонып шешсе жыладық. (Пияз) 2.Өсірер тың дала, Көшірер қамбаға. Айналар ұңға да Айналар нанға да. (Бидай) Пияздың пайдасы туралы айту. Бидайды ермексаздан мүсіндеу. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** **«Күз»** әнін қайталау. **«Себеттер»** би қимылдарын қайталау. **Дидактикалық ойын: «Қоянға көмектес»** **Міндеті:** Заттарды санауға және олардың екі тобын салыстырып, өлшеміне, пішініне және түстеріне қарай ажыратуға үрету.	Тақпақ жаттау: Ормандағы аюдың, Құлпынайы көп екен. Теріп, теріп алайық, Қалтамызға салайық. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** **Міндеті:** Суреттегі құлпынайды санау. Түсін атап беру. Қиылған бөлшектерден аюдың бейнесін құрастыру. Құлпынайдың суретін салу. ***(математика негіздері, сурет салу)*** **Дидактикалық ойын: "Бәліште сәндейміз"** **Міндеті:** Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу	Балаларға балабақша туралы тақпақ жаттату Бала, бала, баламыз. Бақшамызға барамыз. Күні бойы қызыққа, Батамыз да қаламыз **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** Балабақша ауласындағы заттардың пішінін, қай жақта орналасқанын атауды, кеңістікті бағдарлауды үйрету. ***(математика негіздері)*** **Дидактикалық ойын: «Не жоқ?»** **Шарты:** ойыншықтарды қатар-қатар қойып, балалардың назарын ойыншықтарға аударады. Осыдан	Топқа есігін қағылып қонаққа қоян келеді. Қолында әсем шарлары бар. Балаларға таратып сыйға береді. Балаларда қоянға сыйлық берейік деп шардың суретін салып, ермексаздан шар жасап, немесе дайын кіші тақтайшаларға шарларды жапсырып сыйға береді. Салған шарлардың түстерін атайды. **(*математика негіздері, сурет салу)*** **Дидактикалық ойын: «Ненің құйрығы»** **Міндеті:** Балаларға аңдарды бір-бірінен құйрығына қарап,

